

22 сәуір 2022 жыл. СУДЬЯЛАР ӨҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Атырау облыстық сотының арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандум аясында 21 сәуір күні Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Шақпақова Нұргүл Ысқаққызы Экономика және құқық факультетінің «Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы студенттеріне «Ұсақ бұзақылық бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар және көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар тақырыбында» қонақ дәрісін өткізді.

Кездесу барысында білікті заңгер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексінде көзделген кейбір тәжірибеде жиі кездесетін әкімшілік құқық бұзушылықтарға (434-бап. Ұсақ бұзақылық; 434-2-бап. Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау; 440-бап. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу; 610-бап. Көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген бұзушылығы және т.б.) тоқталып, олар үшін көзделген жаза және жаза тағайындау кезінде ескерілетін мән-жайларға толық түсіндірме беріп өтті. Дәріске қызығушылық білдірген болашақ заңгерлер өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, толыққанды жауаптар алып, білімберін толықтырды.

Кездесу соңында судья тарапынан студенттерге өндірістік тәжірибелерін соттан өтіп, теориялық білімдерін тәжірибемен шыңдауға ұсыныс жасалды.

